

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
«ҚАРАҒАНДЫ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»

БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы – Ректордың м.а.

_____ А.А.Турмухамбетова

« _____ » _____ 2022ж_

6В10101 «Мейіргер ісі» білім беру бағдарламасы бойынша
(қысқартылған оқу мерзімімен)
түсу емтиханының бағдарламасы

алдыңғы білім деңгейі негізінде:

Мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру:

«Мейіргер ісі» мамандығы «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігімен ;

«Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы тәжірибелі мейіргер»,
«Мамандандырылған мейіргер» біліктіліктерімен;

«Емдеу ісі» мамандығы «Фельдшер» біліктілігімен;

«Акушерлік іс» мамандығы «Акушер (ка) біліктілігімен».

Оқыту тілі-қазақ, орыс

Білім деңгейі-бакалавриат

Қарағанды, 2022

«Мейіргер ісі» білім беру бағдарламасына түсу емтиханының бағдарламасы (қысқартылған оқыту нысаны) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде жасалды

Қабылдау емтиханының бағдарламасы мейіргерлік білім беру мектебі кеңесінің отырысында бекітілді
2022 жылғы «18» мамыр № 12 хаттама

Кеңес Төрағасы _____ Естемесова К.А.

1. Түсу емтиханын өткізудің мақсаты:

ТжКОБКБ түлектерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың талаптарына сәйкес «Мейіргер ісі» қысқартылған білім беру бағдарламасын меңгеру әлеуетін анықтау.

2. Міндеттері:

ТжКОБКБ түлектері болып табылатын талапкерлердің «Мейіргер ісі» білім беру бағдарламасын меңгеруге әлеуетін анықтау әңгімелесу және дипломға қосымшаны/алдыңғы білімнің транскриптің талдау нысанында өткізілетін түсу емтиханының бағдарламасын іске асыру жолымен жүзеге асырылады.

3. Түсу емтиханын өткізу және бағалау нысаны

Қысқартылған оқу нысаны үшін қабылдау емтиханы әңгімелесу түрінде өткізіледі. Қабылдау емтиханына орта медициналық білімі бар, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар қабылданады:

«Мейіргер ісі» мамандығы «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігімен ;

«Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы тәжірибелі мейіргер»,

«Мамандандырылған мейіргер» біліктіліктерімен;

«Емдеу ісі» мамандығы «Фельдшер» біліктілігімен;

«Акушерлік іс» мамандығы «Акушер (қа) біліктілігімен».

Үміткерлер алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжаттарды ұсынады.

Түсу емтихандарын өткізу кезеңінде комиссия құрылады, ол «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ мейіргерлік білім беру мектебінің ПОҚ қатарынан қалыптастырылады. Комиссия төрағасы мен құрамы мектеп деканының үкімімен бекітіледі. Комиссия үміткермен әңгімелесу өткізеді және дипломға қосымшаға/транскриптке сәйкес алдыңғы оқу деңгейінің нәтижелерін қайта есептейді.

Түсу емтиханының нәтижелері ол өткізілген күні жарияланады. Түсу емтиханын қайта тапсыруға жол берілмейді.

4. Бағалау түрлері мен критерийлері

4.1. Дипломға қосымшаны/транскриптіні талдау

4.2. Әңгімелесу

Бөлім / Тақырып	Сұрақтар
Жалпы	Сіздің қысқартылған білім беру бағдарламасына түсуіңіздің мақсаты не?

	Сіз қандай қосымша дағдыларды алуды жоспарлап отырсыз?
	Сіз практикалық денсаулық сақтау немесе білім беру саласында жұмыс істеуді жоспарлап отырсыз ба?
	Мейіргер ісі саласындағы перспективалық даму туралы қандай ойларыңыз бар?
	Қандай біліктілікті арттыру курстарынан өттіңіз?
	Күшті және әлсіз жақтарыңызды атаңыз
Базалық білім	Мейіргер ісі негіздері

4.3. Бағалау критерийлері

Әңгімелесуді емтихан комиссиясы өткізеді, оның нәтижесі «өтті» немесе «өтпеді» деген баға болып табылады.

5. Түсу емтиханын өткізу регламенті

Қысқартылған оқу түріне түсу емтихандары 1-25 тамыз аралығында өткізіледі

6. Қабылдау және студенттер қатарына қабылдау

Қысқартылған оқыту нысанына тұлғаларды қабылдау алдыңғы білім беру деңгейіндегі әңгімелесу және пәндерді қайта тапсыру нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Қысқартылған оқу түріне қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады.

Оқуға қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін жүргізіледі.